

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 17(511) 15 қараша 2021 жылы



**БҮГІНГІ
НӨМІРДЕ**

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ КІТАПХАНА

Төменгі қабатта ғылыми-зерттеу орталығы, яғни негізгі кітап сақтау қоймасы орналасқан. Бұл жерде өте сирек кездесетін кітаптар сақтаулы. Сонымен қатар, мұндағы үлкен зерттеу орталығы құнды дүниелерді сақтап қалу үшін оларды қайта қалпына келтіріп, цифрландырады. Мұнда сондай-ақ, дыбыс жазу студиясы орналасқан. Орталықта би ұжымымен бірге өз қойылымын ойлап тауып, оны осында орналасқан кино-концерт залында көрсетуге немесе атриумда таныстыруға болады.

3 БЕТТЕ

ҚОЛЖЕТІМДІ ЖАТАҚХАНА - АРЗАН, ЖАЙЛЫ, ҚОЛАЙЛЫ МА?

Өткен жылға қарағанда жатақхана бағасы екі есе, тіпті, үш еседен аса өскен. Алдыңғы жылдары студенттер бір жылдық төлем ретінде 25 000 теңге төледі. Ал, бұл жылы жарты жылдыққа, яғни бір семестрде ең кемі 30 000 төленеді. Бөлмеде жататын адам санына байланысты бағасы да өседі. Өсіп, өсіп 100 000-ға бір-ақ барады. Егер жағдайы жүз пайыз жасалған болса жылына жүз мың неге төлемеске? Тұтынушының барлық талаптарына сай келсе жақсы ғой. Алайда, оған аздап күмәнданып жатқан жайымыз бар. Басшылықтан нәліктен бұлай көтерілгенін сұрадық және оған тиісті жауапты да алдық. Университет басшысының айтуынша, бұрынғы тариф жатақханаға жұмсалған коммуналдық шығындарды өтеуге жетпейді.

4 БЕТТЕ

КЛИНИКА-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Түрік Ынтымақтастық және Үйлестіру Агенттігі (ТИКА) «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Клиника-диагностикалық орталығына «Клиника-диагностикалық орталық жабдықтарын қолдау жобасы» аясында материалдық көмек көрсетті. Жоба аясында пациент төсегі, электронды-моторлы пациент төсегі, тоңазытқыш, науқас үстелі, тумбочка жалпы саны 290 құрал-жабдық әкелінді.

Көмек материалдарын Ректор өкілі Женгиз Томар, Клиника-диагностикалық орталықтың бас дәрігері Осман Ажар және медицина қызметкерлері арнайы күтіп алды. Ректор өкілі Женгиз Томар Түрік Ынтымақтастық және Үйлестіру Агенттігі (ТИКА) мен Өкілетті Кеңеске үлкен алғысын білдірді.



Жеткізілген барлық құрал-жабдықтар заман талабына сай. Науқасқа жеңіл болуы үшін үстелдер оңай жылжиды, электронды-моторлы пациент төсегі де арнайы пультті режимде ыңғайлы қалыпқа ауысып отырады. Емделуші науқастар бауырлас екі ел ынтымақтастығы аясындағы татымды іске ризашылықтарын жеткізді. Медициналық жабдықтар – денсаулық сақтау саласындағы қызмет сапасын арттыратын болады.

ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласында өткен халықаралық «Alash Star» өнер байқауында Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 3 курс студенті Тайбек Назерке 1 орынды иемденді.

«Бейнелеу» номинациясы бойынша өнер көрсетіп ерекше дарынымен көзге түскен жас суретшіге шығармашылық табыс тілейміз! Шәкірттерінің бойына білім мен біліктілікті дарыта білген ұстазы Мұрат Шаханбаев «Үздік жетекші» құрмет грамотасымен марапатталды. Құттықтаймыз!



ҮЗДІК ПЕДАГОГ АТАНДЫ

Таяуда тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Забираш Әділбекова Тәуелсіз мемлекеттер достастығының 30 жылдық мерейтойына орай өткізілген «ТМД-ның үздік педагогы -2021» атты халықаралық байқауға қатысып жеңімпаз атанды. Забираш Әшімханқызы I дәрежелі дипломмен марапатталып, арнайы төс белгіге ие болды.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында «BILIM ORKENIETI» ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің білім ошақтары арасында халықаралық байқау ұйымдастырған болатын.

Айта кетейік, Забираш Әділбекова университет ашылған сәттен бастап, күні бүгінге дейін қызмет атқарып, білімгер тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосып жүрген ұстаздарымыздың бірі. ТМД-ның педагогтарының арасында байланыс орнату және педагогтардың инновациялық идеяларын кеңейте отырып, үздіктерін анықтау мақсатында ұйымдастырылған шараның жеңімпазы Забираш ханымды құттықтаймыз!



АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕҢ ІРІ ФЕСТИВАЛЬ ӨТТІ

Жуырда түркі мәдениеті мен руханиятының астанасы Түркістанда күллі түркі жұртының басын қосқан халықаралық **Амен** анимациялық фильмдер кинофестивалі өтті. Кинофестиваль Түркия, Өзірбайжан, Башқұртстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Татарстан мен Тәжікстан сынды елдердің кіл жүйрік мультипликаторларының басын қосты. Тұңғыш қазақ мультипликаторы, ұлттық анимация өнерінің негізін қалаушы, қазақ анимация өнерін әлемге танытқан, ұлт руханиятында өшпес із қалдырған кемеңгер тұлға **Әмен Қайдаровтың** құрметіне өткен фестиваль биыл үшінші мәрте ұйымдастырылды.

Фестиваль Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асты. «Елімізде 30-дан астам анимациялық студия бар. Мұның барлығы Әмен Қайдаровтан сабақ алған оқушылар. Әмен атамыз 90 жаста жүріп, сол балаларды оқытып, арманын, үмітін, жүректеріне салып берген еді. Сондықтан біз Әмен атамыздың үмітін ақтау үшін осы фестивальді жасап жатырмыз. Шәкірт тәрбиелеу, тәжірибе алмасу, біліктілігімізді арттыруды бірінші кезекке қойдық. Бұл әдеттегідей той, жиын ғана емес, бұл білім беретін, тәжірибе бөлісетін ірі платформа. – деді фестиваль президенті Мақпал Жұмабай.

«Адамды адам ететін сананың үні, ал сананы сарай ететін көркем суреттің тілі. Бұл сонау тас дәуірінде тасқа бейне қашаған адамнан кешегі суретші Эмиль Рино негізін қалаған анимация заманына, бүгінгі жоғары мульттехнология салаларына ортақ қағида. Өйткені, сурет тілі уақытқа қарамайтын, шекараны таңдамайтын ерекше

компаниясының директоры, профессор, жазушы Тим Уилсон онлайн режимде өткен дәрісінде бар тәжірибесін ортаға салды. Сонымен қатар, "Маша и медведь" мультфильмінің режиссері Наталья Мальгина; кинорежиссер, суретші, әрі жазушы Оливер Гай-Уоткинс; Түркия анимация саласының үздігі, Cordoba анимация студиясының негізін қалаушы Мусаб Гүндүз бен Мұстафа Ахмет анимация саласының қыр-сырын үйретті. Оған қоса, қонақтарға арнап анимация саласының үздіктерімен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін жәрмеңке ұйымдастырылды.

Түркі елдерінің анимациялық кино өнерінің бүгінгі мен ертеңіне арналған дөңгелек үстел барысында шетелдік және отандық анимация мамандары пікір алмасты.

Биыл байқауға 57 өтініш келіп түскен. Оның 49-ы іріктеліп алынған. Батырхан Дәуренбеков, Александр Дорогов, Мұсаб Гүндүз, Роза Мұқанова, Нәзира Мұқышева, Адай Әбілдә, Тұрдыбек Майдан сынды отандық және шетелдік анимация саласының үздіктерінен құралған қазылар алқасы түрлі аталым бойынша үздік жұмыстарды анықтады.

"ҮЗДІК СТУДЕНТТІК РЕЖИССЕРЛІК ЖҰМЫС"

аталымы бойынша:

Малика Мақсатқызы "Махаббат"

Гүлнұр Қажыбек "Тас"

"КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫ" аталымының

жеңімпазы:

Төлелбай Мейіржан "Жанұя"

"ҮЗДІК ҚОЮШЫ СУРЕТШІ":

Азизбек Мухамедов "Волшебный Танбур"

(Өзбекстан)

"ҮЗДІК КОМИКС":

Мади Утегенов "Батыл сақшылар"

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА/НААР) жыл сайын жоғары оқу орындары арасында білім беру бағдарламалары, институционалды және Еуразиялық рейтинг ұйымдастырады. Ұлттық рейтингте Ахмет Ясауи университеті еліміздің көпсалалы оқу орындары арасынан өткен жылы 9-шы орын алған болса, биылғы 2021 жылы қорытындысында 5-ші орынға көтерілді. Бұл ғылым мен білімді ту еткен озық университетіміздің жарқын жеңістерінің бірі.

2021 жылғы Еуразия рейтингінде «IIAR EURASIAN UNIVERSITY RANKING (IIAR-EUR) – 2021» Гуманитарлық ғылымдар номинациясы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне көрнекті академиялық үлгерім мен ғылыми-зерттеулердегі ұстанымдары үшін сертификат пен арнайы марапаттау кәдесыйы табыс-талды.

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы

Академиялық мәселелер вице-ректоры Эльмира Қайсарбайқызы «Сәтті презентацияның құпиялары» атты тренинг өткізді. Тренингке оқу орда оқытушылары мен мамандары қатысты. Ашық, еркін форматта өткен шеберлік сағаты алдымен бой сергіту жаттығуларынан басталды. Онда мамандар өзара бір-бірлерімен жақын танысып, қызығушылықтары жайлы пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, есте сақтау қабілетін арттыратын арнайы жаттығулар да назардан тыс қалмады.

Шеберлік сағаты барысында Эльмира Идрисова көп жылғы тәжірибелерімен бөлісіп, сәтті презентация жасаудың негізгі құпиялары мен ерекшеліктерін талдап көрсетті. Бүгінгі өзгеріп жатқан қоғамда, әрбір адамның өзгеріске қарсы жауап бере алатын қабілетінің болуы үшін, үнемі ізденісте, дамуда болу керектігін жеткізді. Әрбір оқытушы күн сайын білімін толықтырып, ақпараттарды жан-жақты сұрыптап алу қажеттігін айтты. Сәтті презентация жасау үшін ең алдымен дайындықтың көп болуы, берілетін ақпараттың мазмұнды және жалпыға жеңіл түсіндірілуі ең негізгі шарт болып табылатынын көрсетті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент кампусының ұжымы №2 қалалық аурухана аумағында көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елді жаппай көгалдандыру туралы тапсырмасы аясында атқарылған жұмысқа Шымкент кампусының оқытушы-профессорлар құрамы мен интерн, резиденттер белсенді қатысты. Жұмыс барысында аурухана төңірегінде тазалық жасалып, ағаштардың түбі қопсытылды.

Бұл жобаны іске асыру барысында жалпы аймақтағы экологиялық ахуалды жақсартумен қатар, ауруханадағы науқастардың таза ауада серуендейтін орындары ретке келтірілді.

Айта кетерлігі, Шымкент қаласындағы №2 қалалық аурухана – оқу орнымыздың Шымкент кампусында білім алатын болашақ медицина мамандарының тәжірибе алаңы.



өнер, ұлы құдірет. Ендеше, осы өнердің тасын өрге домалатып жүрген өздеріңіздің адамзат өркениетіне, халық болмысына, ұрпақ тәрбиесіне қосып жүрген үлестеріңіз ерекше. Сөз жоқ, бұл шығармашылық еңбек иелері елеп, ескерілуі керек. Халықтың бағасын алып, ізденіс пен шабыттың жаңа жолын табуы керек. Міне, биыл үшінші рет ұйымдастырылып отырған сайыстың басты мақсаты осы, – деді Фестивальдің ашылу салтанатына арнайы келген Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Әнәпияұлы. Сондай-ақ, келесі жылдан бастап анимация нарығында жүрген шығармашыл топтарға бір орталықтан қолдау болып, отандық өнімнің өрісін кеңейту үшін жағдай жасау мақсатында қабылданған жаңа жоба аясында "Қазақфильм" киностудиясының жанынан құрылған "Қазақ" анимация бірлестігі өз жұмысын бастайтынын жеткізді.

Қатысушылар шетелдік білікті мультипликаторлардың мастер-кластары мен тренингтеріне қатысты. "Союзмультфильмнен" бастап "Walt Disney" студиясында еңбек еткен, «Ну, погоди», «Мулан», «Король лев», «Фиксики», «Лило мен Стич» секілді әлемге танымал жобаларға қатысқан, суретші-аниматор Александр Дорогов онлайн форматта шеберлік сағатын өтіп, білгенімен бөлісті. "ZONTUL FILMS LIMITED"

"КРЕАТИВТІ КӨЗҚАРАС ҮШІН":

"Қалам және өшіргіш" туындысы үшін Марат Молдағұлов бастаған Абилят Исламшейх, Қайрат Әлихан, Амантай Гүлдана, Өндер Пилтен, Макенова Фаламнұр

"ҮЗДІК СЕРИАЛ":

Тілегенов Тынышқали "Бұзығым"

"ҮЗДІК СЦЕНАРИЙ":

Лолисанам Улугова "Хувайдо"

"ҮЗДІК РЕЖИССЕРЛІК ЖҰМЫС":

Рим Шарафутдинов "Золотой дворец"

Аян Марокканский "La Gare"

"ҮЗДІК СТУДЕНТТІК ЖҰМЫС":

Төлелбай Мейіржан "Жанұя"

"ҮЗДІК АНИМАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМ" жүлдесінің

жеңімпазы, БАС ЖҮЛДЕ иегері:

Азизбек Мухамедов "Дом на колесах" (Өзбекстан).

Жеңімпаздарға мүсіншелер мен арнайы дипломдар, бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Екі күнге созылған шара аясында Түркістан қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін қаладағы үздік кинотеатрларда отандық және шетелдік үздік мультфильмдер тегін көрсетілді. Кеш қонағы әнші, сазгер Ұшқын Жамалбек фестивальді әуезді әнімен әрледі.

Гүлжан НИЯЗОВА
2-курс студенті

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ КІТАПХАНА

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір – кітапхана. Көне жазбалар мен сирек кітаптар секілді кітапхананың да тарихы өте ескі дәуірлерден бастау алады. Кітапхана – мәртебесі биік киелі шаңырақ.


Кітапхана — оқырманның рухани талап-тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады.

Қазір Түрленген Түркістанның дамуы мен көркеюіне Қазақстанның бірнеше қалалары мен облыстары да аталысуда. Соның бірі Шымкент қаласының Түркістан үшін тартуы, облыс орталығы болғалы қалада бой көтерген теңдесіз нысанның бірі – ғылыми-әмбебап «Farab» кітапханасы.

Заманауи кітапхананы өз көзімізбен көру үшін барғанымызда таңдай қақтық. Қоры 250 мыңнан астам кітаптан құралған білім ордасы заманауи техникалармен жабдықталған. Оқу залы 400 орындықты қамтиды. Оқырмандар үшін кітап оқу тегін. Жай ғана жеке куәлікті көрсетіп, тіркелу арқылы кірдік. Осы киелі орданың мәртебелі иесі кітапханашылар да жылы жүзбен қарсы алып, іздеген кітабымызды табуға кірісіп-ақ кетті.

Балалар да бұл жерде өздерін жан-жақты дамыта алады. «Farab кітапханасы» туристік орталықта орналасқан. Жаңадан бой көтерген бұл кітапханада бірнеше жиындар болып үлгерді. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Farab» кітапханасының цифрлық өндіріс зертханасының нәтижелерімен танысқан. Жақында ғана Түркістан облысының қариялары 1 қазан – Халықаралық қарттар күнін ерекше атап өтті. Айтулы шара Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев «FARAB» кітапханасында қариялармен кездесіп, оларға құрмет көрсетсе, күні кеше авторлар мен бірге кітап жәрмеңкесі, республикалық жастар турнирі өткізілді.

Үш қабатты шығармашылық шаңырақ әртүрлі аймақтарға бөлінген. Оқу залдары мен кітап сөрелері іріктеліп, орнатылған. Ең жоғарғы әрі жарық қабатында үлкен кітапхана орналасқан. Онда Қазақ елінің атақты қайраткерлері мен қаламгерлері және әлемнің үздік ақын-жазушыларының әр жылдары жазылған туындылары, естеліктері мен күнделіктері жиналған. Екінші қабатта алуан түрлі студиялар, шеберханалар мен қолөнер дүкендері тұр. Бұл жерде кез-келген оқырман үшін кітаптан шабыттанған дүниелерді өз қолымен жасап шығаруға мүмкіндік бар. Бірінші қабатта Fab-lab орналасқан. Мұнда кітапқұмар қауым бір-бірімен кездесіп, бас қоса алады.



Төменгі қабатта ғылыми-зерттеу орталығы, яғни негізгі кітап сақтау қоймасы орналасқан. Бұл жерде өте сирек кездесетін кітаптар сақтаулы. Сонымен қатар, мұндағы үлкен зерттеу орталығы құнды дүниелерді сақтап қалу үшін оларды қайта қалпына келтіріп, цифрландырады.

Мұнда сондай-ақ, дыбыс жазу студиясы орналасқан. Орталықта би ұжымымен бірге өз қойылымын ойлап тауып, оны осында орналасқан кино-концерт залында көрсетуге немесе атриумда таныстыруға болады.

Бұдан бөлек, кітапхана ғимаратында жаңа туындылардың тұсауын кесуге арналған жаңа үлгідегі шығармашылық залы, кәдесыйлар дүкені және кездесулерге арналған жайлы кофехана бар. Мұнда басқосу студиясы-коворкинг, компьютерлік сынып, фото және бейнетүсірілімге арналған мультимедиа залы бар. Кітапханада 3D модельдерін жасауға арналған проекциялық бөлме, каллиграфия және өнер студиясы, қыш құмыра жасауға арналған шеберхана бар.

Балалар залында оқудан басқа робототехника бойынша сабақтар өтеді. Ғылыми-зерттеу тұрғысынан кітапхананың мақсаты – барлық құжаттарды, куәліктерді және басқа да маңызды материалдарды бір жерге жинау. Осыған дейін мұның бәрі әр жерде сақталып келген.

Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын саңдығы. "Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап

оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік", - деген Ғабит Мүсіреповтің сөзі бар. Жастар игілігі үшін рухани қазына ордасы болған кітапхана әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болмақ!

Сандуғаш БЕКТҰРОВА,
3 курс студенті

ОҢАЙ АҚША ОЛЖА ЕМЕС...

Материалдық дүние адам өміріндегі ең маңызды баспалдақ болмаса да, белгілі бір деңгейде айтарлықтай рөлі бар екені даусыз. Ал, қазіргі қоғамда оның адам өміріндегі маңызы тіпті артып кеткен тәрізді.

Ақша, үй, автокөлік, бұл құндылықтар өмір сүруіңізге әсер ететіні анық. Ал осы заттарды маңдай теріңізбен тауып, жинай келе әп сәтте құмарлықтың шырмауына түсіп жер сипап қалуды ойлап көрдіңіз бе? Ойламағаныңыз анық. Алайда қоғамда қолдағы барын оңай жолмен екі еселеймін деп жер сипап қалып жатқандар жетерлік. Осы сәтте тарихи бокс кеші Головкин мен Альварестің жекпе-жегі еске түсіріп көрейік. Жеңісті әп сәтте қолына алып, алдына келгенде қағып түсіретін трипл джи, сол кездесуді тең нәтижемен аяқтады. Жеңіске көзі үйренген халыққа бұл ауыр тиді. Головкиннің жеңетіне күмәсіз сенетін кейбір жандар сол күні үйі мен



көлігінен, бар жиған тергенінен айырылып қалды. Букмекердің шырмауына ілігіп оңай ақшаға көз салғандар қарасы бүгінгі

қоғамда да тыйылмай тұр.

Ресми органдардың ақпараты бойынша Қазақстанда букмекерлік кеңселердің жылдық айналымы 50 миллиард теңге шамасында. Таза табысы 10-15 пайызды құрайды.

Ел ішіндегі букмекерлік кеңселерден бөлек арнайы қосымша арқылы ұтыс тігуді қарастырған ақылдылар үйде отырып та оңай ақшаға қызыққандарды қатарына тартуда. Ғаламтор мен әлеуметтік желілерде қаптаған жарнамалар, адамның әуесін келтіріп миды улау үстінде. Онымен қоса желіде өздерін танымал санаған кейбір блогерлер де бұл ұтыстарды жарнамалап әлек. Қомақты ақша ұсынған соң көп танымалдар промокодтар арқылы өзінен неше адам барғанын дәлелдеп жүр.

Ұтысқа қойылған ақшаны коэффициент арқылы көбейтуді көздеген букмекердің буына ұшырағандарға, кейбір көріпкел сымақтар қалтасын қампайту үшін жабық болжамдар ұсынады екен. Болжамдарын сатып букмекерден ұтылғанын, болашақта келетін ұтылушылардан шығарып алады.

Қалай десекте, оңай ақшаның берекесі болмайтыны белгілі. Ұлды ұлылыққа тәрбиелейтін халық үшін құмарлық ұят дүние. Болашағымызды адалдықпен қарсы алып, жеңіл жолмен табылған ақшаның жақсылыққа апармайтынын түсінгеніміз абзал.

Асадбек ЕРГЕШҰЛЫ,
3 курс студенті

ДЕНСАУЛЫҚ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



* Қалың қалай студент?

ҚОЛЖЕТИМДІ ЖАТАҚХАНА - АРЗАН, ЖАЙЛЫ, ҚОЛАЙЛЫ МА?

Әдетте, студенттер жатақханада тұрады. Өйткені ол арзан және университетке жақын. Бір рет төлем жасау арқылы жыл бойына тұрақтайсың, бұл енді керемет мүмкіндік. Жатақханада асхана, тазалық орны, дәретхана бар. Осылайша барлық жағдай жасалса, одан басқа студентке не керек?!

Бұл жерде барлық жағдай дегеніміз газ, ыстық су, жылу және интернет. Қазіргі XXI ғасырдың адамдарына керек қарапайым қажетті дүниелер. Алысқа бармай-ақ, өз жатақханамыздан да көруге болады.

Өткен жылға қарағанда жатақхана бағасы екі есе, тіпті, үш еседен аса өскен. Алдыңғы жылдары студенттер бір жылдық төлем ретінде 25 000 теңге төледі. Ал, бұл жылы жарты жылдыққа, яғни бір семестрде ең кемі 30 000 төленеді. Бөлмеде жататын адам санына байланысты бағасы да өседі. Өсіп, өсіп 100 000-ға бір-ақ барады. Керемет, егер жағдайы жүз пайыз жасалған болса жылына жүз мың неге төлемеске? Тұтынушының барлық талаптарына сай келсе жақсы ғой. Алайда, оған аздап күмәнданып жатқан жайымыз бар. Басшылықтан жатақхана төлем бағасының нәліктен бұлай көтерілгенін сұрадық және оған тиісті жауапты да алдық. Университет басшысының айтуынша, бұрынғы тариф жатақханаға жұмсалған коммуналдық шығындарды өтеуге жетпейді. Кампусқа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңарулар жасалғанын студенттермен кездесуде айтып өтті.

Менің бұл жатақхана тұрып жатқан алғашқы жылым. Басқа орындардан немесе өткен жылға қарағанда не өзгеріс бар екенін білмеймін. Менің ойымдағы жатақхана жоғарыда аталған талаптардан шықса болғаны. Алайда, басқа студенттердің одан бөлек мың түрлі талаптары мен өтініштері болуы мүмкін. Әркімнің өз таңдауы, дегені, қалауы бар.

Оны білу үшін жатақхана тұрғындарының пікірін тыңдадым. Агрессивті жауап қатқандар да болды. Олардың бірі алдыңғы жылдар жатақханада тұрған, қазір пәтер жалдап тұратын Дастан: (есімі өтінішімен өзгертілді).

«Ол жерде ыстық су дұрыс берілмейді. Бірде бар, бірде жоқ. Бөлме суық, не интернет дұрыс істемейді. Оған қоса газ-плита жоқ. Тамақ жасау үшін өзіміз электрлік плита сатып аламыз. Тоңазытқыш



секілді нәрселерді мүлдем айтпаса да болады.»

Бұл тұста айтылған пікір дұрыс болса да, біраз әсіреленген. Себебі сауалнамадан өткен адамдардың 78%-ын жатақхана толығымен болмаса да қанағаттандырады. Өздерінің керек жарақтарын, яғни, тоңазытқыш, плита секілді техникаларды үйлерінен алдырып жатады. Одан бөлек студенттердің ыңғайын ойлап жасалған, жиі қолданыстағы жерлер де бар. Жатақханада тұратын студентіміз Зере Махамбеталиева:

« Жатақхана менің ойымша жақсы. Бөлмеде жылы су бар, интернет бар. Оған қоса буфет бар, спорт зал мен сабақ оқитын арнайы фойе бар. Мені барлығы қанағаттандырады. Жатақханаға берер балым 10/7. Үш бал жатақхананың аздап салқындығы үшін алынды. Ал, былайша шағым жоқ.»

Студенттердің біразы барға қанағат етсе, ал әр бөлмеге бір-бір асханадан, қонақ бөлме қосылып берілуі керек деген пікірдегілер де баршылық. Көбіне студенттер жатақхананың жағдайын үйдегідей болса дейді. Бірақ, олар да берілген қаражаттың сомасына байланысты мүмкіндіктерін алатынын түсінбейді. Университет берген бұл орындар барлығына жетпейді, ал бергендері қадіріне жете білмейді. Қазақстанда барлығы 576 557 студент бар, оларға берілген жатақхана саны 85 000 ғана. Демек, тек әр алтыншы студент қана жатақханадан орын ала алады. Осындай есептерге қарағанда қандай да болсын бір баспананың болғаны жақсы, ал, ол баспана біздікі секілді болса онда, тіптен жолымыздың болғаны.

Жансая ҚОЖАҚҰЛОВА,
3-курс студенті



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТР

Жуырда Нұр-Сұлтан қаласындағы Жастар театрының жанынан Qanattylar инклюзивті театры ашылды. «Qanattylar» – бойында дарыны тұнып тұрған мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдап, талантын шыңдауға, сондай-ақ оларды тұрақты жұмыспен қамтуға арналған инклюзивті театр. Мүгедек жандардан құралған шығармашылық ұжым мүшелері өмірге құштар жандар. Көрген жанның жігерін жанып, рухын қайрайды. Ал, театр директоры Арнұр Ысқақов – бейбіт күннің нағыз батыры, зор құрметке лайық жан.



2008 жылы суға батқалы жатқан қызды құтқарамын деп өзенге секіргенде су түбіндегі темірге басы соғылып, омыртқасына зақым тиген. Сол оқиғадан кейін арбаға таңылған ол тағдырдың қатал сынына мойымай мұқтаж жандарға жәрдем беріп, қоғамдық істерге белсене ат салысып

жүр. Атап айтар болсақ, 2014 жылы «Нұр Отан» партиясында "Кедергісіз келешек" жобасының негізін қалаған және радиода «Кедергісіз келешек» әлеуметтік жобасын ашқан. 2017 жылдан бері «Актив Лайф» мүгедектердің қоғамдық бірлестігінің негізін қалаушысы. Қоғамдық бірлестіктің аясында 3 түрлі ірі жобаны іске асырған. Олар: "Бүгінгінің баласы, болашақтың данасы" жетім балаларға арналған фестиваль, құлағы мен тілі мүксі жандарға арналған "Wide world" халықаралық театр фестивалі және «Жизнь после» деп аталатын мотивациялық көркем фильм түсірген. Бұған қоса мүгедек және жетім балалар арасында "Make it possible" спорттық спартакиадасын өткізген.

Арнұр мырзаны су жаңа театрдың шымылдығын түргенімен құттықтап, әңгімелескен едік. Кейіпкеріміз театрды құру барысында қандай қиындықтар өткергенін баяндап берді.

– «Qanattylar» театрының құру идеясы қалай келді?

– 2018 жылы «Wide world» халықаралық фестиваль өткізген кезде, осындай театр құру туралы ой келіп, сол жылы бастағанбыз. Сол кезден осы уақытқа дейін министрлік пен әкімдіктің табалдырығын тоздырдық. Ақыры, Алтай Сейдірұлы Көлгіновтың қолдауымен Жастар театрының қарамағында ашылдық. Бірақ, бұл театрдың басқалардан ерекшелігі ерекше жандар өнер көрсетеді. Актерлер еңбек ақыларын алады. Жастар театрының қарамағында өзіміздің дайындалатын кішкентай ғимаратымыз бар.

– Театрды құру барысында қандай қиындықтар болды?

– Әрине, қиындықтар өте көп болды. Әкім де, Жастар театры да күмәнмен қарады. Сондықтан, біз осы театрымызды құрып жатқан кезде кәсіби деңгейде өнер көрсете алатындығымызды дәлелдеуіміз керек болды. Құдайға шүкір, алғашқы премьерамызды өткізіп, дәлелдей алдық. Біздің актерларымызға хореографиядан бастап шеберлік жұмыстары жүргізілді. Жастар театрының өртістері біздің актерлардың сахнадағы келбетін, сөйлеуін, дикцияларын қойды. Әкімдіктің қолдауымен көлік пен техника да бөлінді.

Актерларымызды таңдап алдық. Тек қана конкурс жүзінде емес, сахна көрген, халықтың алдына шығып өнер көрсеткен ерекше азаматтарды іздеп, шақырдық. Сценарий жазылып біткеннен кейін 6-7 ай дайындалдық. Гүлнар Салықбай есімді автормен қайта-қайта сөйлесіп, режиссермен ақылдасып, бұл кісілерді рөлдерге бөлдік. Біз сол кісілерге ыңғайлап жасадық. Театрымыздың спектакльдерінің сценарийлері өмірден алынған. Алдағы қойылымдарымыз енді-енді қолға алынып келе жатыр. Болашақта да сценарийлеріміз шынайы өмірден алынады. Жанрлары әр түрлі болады. Мюзиклден бастап, барлығын қамтуға тырысамыз. Трагедия болмайтын шығар. Негізгі мақсатымыз – дені сау адамдарға шүкіршілік етуді үйрету. Ал, ерекше жандарымызға шығармашылық даму арқылы өмірге деген құштарлықтарын ояту болып табылады.

– "Генерал болғысы келмеген сарбаз нағыз сарбаз емес" демекші болашақта театр ашқысы келетін оқушы, студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Жалпы, театрда да, кино да өнер өзені оңай емес. Сондықтан, ешқашан берілмей еңбек ету керек. Театр ашу оңайға соқпайды. Ең негізгісі - өнерді сүю, өнерге жаны ашу, өзінің туындысы екенін білу. Бастысы жалақы емес. Өнерге деген сүйіспеншілігі болуы қажет. Әрине, жалақы қазіргі таңда барлық актерлардың еңбек ақысы аз.



Сол себепті, біз үстемәқы қосып беріп отырамыз. Әсіресе, біздің ерекше инклюзивті театрымызға сондай қарастырғанбыз. Алдағы жылы гастрольдік сапармен еліміздің өзге қалаларына және шетелдерге шығу жоспарланып отыр. Осындай театрлар еліміздің барлық өңірлерінде қолдау тапса деген ниетім бар.

– Qanattylar театрының алар асуы, шығар белесі көп болсын. Үлкен жетістіктерге жете беріңіздер. Сұқбат үшін көп рахмет!

Әңгімелескен: Гүлжан НИЯЗОВА
2-курс студенті

ЫСТЫҚ ҰЯ

Жас талапкер, білім ал тәуекел деп, бәріміз де өмірдің жаңа баспалдағына жол тарттық. Осылайша студенттік шақ деп аталатын өмірдің тәтті белесіне қадам бастық. Бойымызда асып-тасыған күш-жігер жатыр. Армандаған мамандық иесі болуға асыққан жалынды жастардың ыстық ұясы – жатақхана. Үйлерінен алысқа ұзаған жастардың екінші үйіне айналған жатақхананың орны ерекше. Жыл сайын қаншама студент жатақханаға орналасып, қаншамасы бұл мекенді қимай қоштасады.

Мақсаты мен арманы ұштасқан мына біз сияқты студенттердің жатақханадағы өмірі де қызыққа толы. Ата-анамыз өздерінің студент кездерін жиі еске алып, айтып отыратын. Ол кездегідей тамақ толы қазан ұрланып, ауылдан келген етті жымқырып кететін қызықтар болмаса да, әр кезеңнің өзіне тән ерекшелігі бар.

Біздің жатақханамызда да бауырдай боп кеткен достарымыз аз емес. Ата-анамыз ай сайын жолдайтын базарлықты, бір нанды да бөлісіп жеп келеміз. Бөлме тазалау мен кешкі ас дайындауды кезекшілікпен жасаймыз. Таңертең барлығымыз 1-сабаққа үлгеру үшін тез-тез жиналып, оқу ғимаратына асығамыз. Қызықтың барлығы сабақтан келген соң басталады. Барлығымыз абыр-сабыр кешкі астың қамына кірісіп, бір-бірімізге сөз бермей, бүгінгі оқиғаларды айтуға асығамыз. Біреуі кешіксе оның келгенін күтетініміз бар. Бірі оқудың қиын тұстарын айтса, бірі ұнатқан сабағын, бірі универдегі оқытушылардың біліктілігіне таңданысын

жасырмайды. Жатақхананың кешкі шайы да әңгімеге толы өтеді. Көрші бөлмедегі достар жиналып, өзекті тақырыптарды талқылаймыз. Әр студенттің пікірі де, мамандығы да әртүрлі болғандықтан, түрлі көзқарастың куәсі боламыз. Бір-бірімізге жаңа ақпарат айтып, білгенімізбен бөліскенді жақсы көреміз. Демалыс күндері жатақхананың жастары боп ән айтумен қатар, карантин талаптарын сақтай отыра поэзия кештерін ұйымдастыруға тырысамыз. Карантин демекші, жатақхананың да тынысы бұрынғыдан сәл өзгереді. Бауырға айналған достар онлайн оқытудан кейін жүздесіп, қуанған жайымыз бар. Бір-бірімізді сағынып қалған екенбіз. Еліміздің әр түкпірінен жиналған студенттердің жақын туыстарға айналатыны рас. Базарлық келген күні жатақханада шағын той десек болады. Үйімізді сағынған біздер үшін, базарлықтың орны бөлек қой, шіркін! Сағынышымызды басып, жаңа бір қуат жинағандай боламыз. Бәріміз де оқу үшін келген жастармыз. Өз болашағымызға нық қадам басып, биікке ұмтыламыз. Бізді алға жетелейтін арманымызға деген адалдық, ата-анамыз бен оқытушыларымыздың сенімі. Ал біздің жатақхана осының бәріне куә десем болады. Бізден кейін де қаншама студенттің ыстық ұясына айналары сөзсіз.

Гүлжан ТӘЖЕНОВА,
3 курс студенті

ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІ ҚОСЫМШАСЫ



Ulu Önder Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ü Anma Töreni Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesinde Ulu Önder Gazi Mustafa Kemal Atatürk'ü anma töreni düzenlendi. Türkiye Cumhuriyeti'nin Kurucusu, Büyük Liderin ebediyete intikalinin yıldönümünde gerçekleşen törene Üniversitemiz Rektörü, Rektör Vekili, Akademik ve İdari Personel ile Öğrenciler katıldı.

Törende Atatürk büstüne çelenk koyuldu ve saygı duruşunun ardından iki ülkenin Milli Marşı çalındı.

Törendeki konuşmasında Rektör Dr. Zhanar Temirbekova, Mustafa Kemal Atatürk'ün tüm Türk Dünyası'na ortak Büyük Lider olduğunun altını çizdi.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Atatürk'ün Liderlik Vasıflarını dile getirdi ve Ulu Önderin En Büyük Eseri Olan Türkiye Cumhuriyeti'nin kuruluş yolundaki Milli Mücadeleden bahsetti.

Atatürk ile ilgili kısa film izlendi ve şiir dinletisinin ardından program sona erdi.



AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİNDE "AFGANİSTAN TÜRKOLOJİSİ" SEMİNERİ DÜZENLENDİ

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü ve İdil-Ural Araştırmaları dergisinin birlikte düzenlediği "Perşembe Konuşmaları"nın yedinci programı, 11 Kasım 2021 tarihinde çevrim içi gerçekleştirildi.

Seminer programına, Ankara Sosyal Bilimler Üniversitesi Öğretim Üyesi Dr. Umut Başar ve Kabil Üniversitesi Öğretim Görevlisi Ahmad Shafiq Shafi konuşmacı olarak katıldı. Programda Afganistan ve çevresinde Türklük biliminin tarihî gelişimi ile Afganistan Özbekçesi başta olmak üzere bu coğrafyada konuşulan diğer Türk dillerinin özellikleri ele alındı. Dr. Başar ve Shafi, Afganistan sahasında yaşayan önemli müelliflere ve yazılan eserlere de dikkat çekti.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırma Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Bülent Bayram'ın yönlendiriciliğinde sürdürülen konferans, soru ve cevap bölümünün ardından konuşmacılara teşekkür belgelerinin takdimiyle sona erdi.

YENİLMEZ AHISKA HALKI

Anavatan sevgisi, sadece güzelliğini övmekle ve doğasına hayran olmakla ifade edilmez. İnsanların düşman saldırılarına direnme yeteneği, akrabalarını ve arkadaşlarını koruma arzusu, doğup büyüdüğü topraklarla doğrudan ilgilidir.

Anavatan'ın refahı için mücadelenin zor zamanlarında, insanlar ulusal ruh tarafından birleştirilir - düşmanla yaşam ve ölüm için savaşmak için tek bir pürüzsüz mekanizma olarak hareket etmeye yardımcı olan bir tür anlaşılmaz güç.

Ondört Kasım bin dokuz yüz kırk dört, Ahıska Türklerinin trajik tarihidir. Yetmiş yedi yıl önce, halk düşman birliklerinin çöküşüne uğradı. Bu gün, bütün bir halkı - sınır dışı etme kararı alındı.

İnsanlar zorunlu tahliyeyi doğrudan ayrılma arifesinde öğrendiler, çoğu zaman yanlarına sıcak giysiler ve hatta yiyecek almalarına izin verilmedi.

Tahliyenin resmi nedeni, Sovyet hükümetinin, tarafsızlığı SSCB'ye düşman olarak görülen Türkiye'ye yakınlığından duyduğu endişeydi. Bu nedenle insanlar iki gün içinde sınır dışı edildi. Eğitim kampı için insanlara en fazla yarım saat süre verildi, direnenler dövüldü veya kurşuna dizildi. Sürgün edilenlerden bazıları kötü koşullar nedeniyle oraya varamadılar - hastalıktan ve bazen de açlıktan öldüler.

Ahıska Türkleri Özbekistan, Kazakistan ve Kırgızistan'a sürüldü.

İnsanlar ciddi imtihanlarla karşı karşıya kaldı. Ama doğruluğuna güvenen, ortak bir amaç uğruna canları pahasına savaşmak isteyenler yenilmezdir!

Kendi topraklarına dönmelerine izin verilmedi. Bazıları Rusya'ya taşındı, ancak çoğu Orta Asya'nın yaşanabilir yerlerinde kaldı.

Ahıska - Türkler kimliğini ve dilini korumuş ve hala kayıp vatanlarını arayan bir halktır...



TİKA'dan Üniversitemiz Tıp Fakültesi Hastanesine Tıbbî Yardım Desteği

Türk İş Birliği ve Koordinasyon Ajansı Başkanlığı, (TİKA) "Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi Ekipman Desteği Projesi" kapsamında Üniversitemiz hastanesine malzeme yardımında bulundu.

Destek projesi kapsamında Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesine: hasta yatağı, elektronik motorlu hasta karyolası, buzdolabı, yemek masası ve komodin olmak üzere toplam 290 takım malzeme teslim edildi.

Yardım malzemelerinin teslimatında Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Tıp Fakültesi Hastanesi Başhekimisi Op. Dr. Osman Acar ve Üniversitemiz Tıp Fakültesi personeli yer aldı.

МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ ЖӘНЕ АРМАНДАҒАН УНИВЕРСИТЕТ

Әрбір адамның өзінің арманы, алдына қойған мақсаты болады. Бірі ұстаз болып, өз шәкірттеріне сапалы білім бергісі келсе, енді бірі ақ халатты абзал жан атанып, өзгелердің өмірін құтқарғысы келеді. Тіпті, кейбірі өз елінің туын биікке желбіреткен, мықты спортшы болғысы келеді. Дәл сол секілді мен де арманымды айқындап, мақсатыма нық сеніммен қадам бастым. Менің арманым - шындықты шырылдап, әрқашан әділеттіліктің ақ туын ұстайтын, өтірікке мойын бұрмайтын, сөзі өткір, көзі қырағы журналист болу. Бұл менің өз таңдауым, менің болашағым.

Мектеп қабырғасында оқып жүргенімізде, биік-биік ғимараттың арасында кітаптарын арқалап, абырсабыр болып жүрген студенттерге қызығып қараушы едік. Қас қағым сәтте өзіміз де студент атандық. Қызығы мен қиындығы, ыстық-суығы қатар жүретін студенттік шақ - барлығымыздың өмірімізде ерекше есте қалатын сәт екендігі сөзсіз.

Мен де басқалар сияқты өз мамандығымды таңдағаннан кейін, жоғарғы оқу орнымды таңдау кезегі келді. Арман қуып Алматы ма әлде жас қала Нұр-Сұлтан ба? Немесе үшінші мегаполис, туған жерім Шымкент пе? Көп ойланбай өз шешімімді қабылдадым. Менің таңдауым – түркі әлемінің рухани астанасы, көне Түркістан қаласы болды. Осылайша, Түркістан қаласында орналасқан Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті атануды қаладым.

Халықаралық қазақ-түрік университеті – елімізде ашылған тұңғыш халықаралық университет. Қазақстандағы ең беделді оқу орындарының бірі. Бүгінгі таңда

университеттің 11 факультетінде: бакалавриатта – 73, магистратурада – 30, резидентурада – 9, докторантурада – 15, интернатурада – 2 мамандық бойынша әлемнің түкпір-түкпірінен келген жалпы саны 10 мыңнан астам студент, магистрант, резидент, интерн және докторанттар білім алууда. Менің университетім - менің мақтанышым деп ауыз толтырып айта аламын. Түбі бір түркі жастарының басын қосқан Түркістандағы Ахмет Ясауи университетін таңдағаным ешқашан да өкінген емеспін. Жанға жайлы жатақханалар, асхана, заманауи талапқа сай аудиториялар, әсем оқу кампустары, кітап қорына бай кітапхана. Біздің университетімізде білім алуға барлық жағдай жасалған. Қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілін тереңдетіп үйреніп шығуға зор мүмкіндік бар. Пандемияға байланысты қашықтықтан білім алу дамыды. Жуырда оқу ордамызға барып, ондағы кітапхана, теле-радио, фото студиялардың, «Ясауи университеті» газетінің ұжымымен танысып қайттым. Жан-жақты жоғарғы білім, қызықты студенттік шақ, әр-түрлі концерттік іс-шаралар, олимпиадалар, мұның барлығы студентті алға жетелейтін ұлы күш екені анық. Қазіргі таңда университетіміз студенттеріне білім алуға көп мүмкіндіктер мен жаңаша идеяларды беріп отыр. Біз сол білімді жадымызға тоқып, оқу ордамызды жоғарғы деңгейге көтеріп, тек жақсы жағынан басқаларға дәріптеп, керемет нәтижеге қол жеткізуіміз керек. Болашақта «бұл біздің студент» деп мақтана алатындай дәрежеге жету-біздің өз қолымызда!

Балжан ШӘКІРБАЙ,
1-курс студенті



*БАҒДАРЛАМА

ҰТҚЫРЛЫҚТАН ҰТАРЫМЫЗ МОЛ

Сәлем студент достар! Өздеріңізбен бөліскім келген жағымды ақпарат бар еді. Соны тарқатып айтайын. Білім алуды тек университет аясында ғана емес, сыртта оқып әрі қарай дамытуға да болады. Университет сіздерге бірнеше бағдарламалық білім ұсынып отыр.

Аталған бағдарламамен университет студенттері Ұлыбритания, Малазия, Франция, Польша, Болгария, Түркия, Қытай секілді елдерде 1 семестр білім ала алады.

Бұл жөнінде бізге Халықаралық жобалар қызметін дамыту және академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы Марат Темірбеков шетелде және Қазақстандағы университетте академиялық ұтқырлықпен оқу туралы біршама мәлімет берген еді.

Бөлім басшысының айтуынша: Академиялық ұтқырлық бағдарламасы білімгерлерге 2 курстан басталады. Бағдарламаның арнайы университет тарапынан бекітілген өз ережесі бар. Бағдарламаға қатысушы студент академиялық қарызы болмауы, GPA балы 2.75-тен жоғары, 2 курсты бітірген болуы тиіс. Бағдарлама ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі ұтқырлық Қазақстанның ішіндегі 26 университетке, ал шетелде келісім бойынша 145 елде білім ала алады. Академиялық ұтқырлықтан бөлек, Мевлана, Орхон сынды бағдарламалар да бар. Іріктеу емтихандары қараша айында өтеді, оған жоғарыда айта кеткен критерийлерге сай, кез келген ерікті студент қатыса алады. Тіркелу тәртібі университет сайтында көрсетілген. Студент тіркелген соң поштасына хат келіп, шақырту арқылы тіл деңгейін анықтау үшін емтихан тапсырады. Емтихан ағылшын немесе түрік тілінде өтеді және екі кезеңнен тұрады. Біріншісі тест түрінде, екіншісі сұхбаттасу арқылы. Емтиханнан өткен студенттің оқуы тегін, жол шығынын, тамақтану, тұратын жеріне бағдарламаның арнайы шәкіртақысы бөлінеді. Егер студенттің ielts сертификаты бар болса, ол автоматты түрде емтиханнан босатылады және мемлекеттік бюджеттен бөлінген 1 млн 245 мың 885 теңгеге үміткер бола алады. Егер студент тіл білімі деңгейі жетпей қалса, емтиханнан сәтті өте алмай қалса онда ол өз есебінен баруына да болады. Биылғы университет жоспарында 100-ден астам студенттерді академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуға жіберу қарастырылған. Әлемді жаулаған індет салдарынан бағдарлама тоқтап, баяулап қалған-ды. Алайда осы жылы барушы студенттерге вакцина арқылы жол ашылды.

Сонымен достар, бағдарлама туралы толық ақпараттарды университет сайтынан және ректораттың 418 кабинетіне келіп алуына болады.

Бүгінде 3 курс студенті Ақерке Қанатқызы Түркия мемлекетіндегі Джумхуриет университетінде оқып жатыр. Оның айтуы бойынша ол жаққа бару тәжірибе жинай отырып, сол елдің салт-дәстүрін, елді тануға мүмкіндік береді. Ақеркеден екі елдегі оқуы мен тұрғылықты жағдайы туралы сұрап едік. Оқып жатқан университеті өте ерекше және барлық жүйе цифрландырылған, еуропалық стандартқа сай, студенттерге барлық жағдай жасалғандығын айта келіп: «Бұл оқу бағдарламасы маған үлкен мүмкіндіктер берді. Жаңа достар мен жаңа елді тануға, өз білімімді арттыруға септігін тигізді» дейді. Оның бұл сөзімен Сивас қаласында оқып жатқан Мадина да келіседі. «Мен шетелде білім алудан бөлек, мұнда өз-өзінді дамытуды, осы уақытқа дейін білмейтін жаңа пайдалы дүниелерді үйрендім. Басқа да студенттер мен секілді болашақ есіктерін ашса деймін. Себебі, ұтқырлықтан ұтарымыз мол», дейді Мадина.

Бұл бағдарламалар арқылы білімді жастардың сансапасын ғана арттырып қоймайды, жастарға ел көріп, жер көріп әлемді таниды. Тіл біліп, жаңа идеяларды елге әкеліп жүзеге асыру мемлекеттің дамуына жол ашады. Айта кетсек, бағдарламаға тек студенттер ғана емес оқытушыларда қатыса алады.

Аружан МАҚСҰТ,
Журналистика мамандығының 3 курс студенті.

БІЛІМГЕР

АСУЛАРДАН АСАДЫ ЖАСТАР ӘЛІ, ЗОР БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Жастар- ел болашағы, қоғамның қозғаушы күші. «Мен жастарға сенемін!», - деп Мағжан Жұмабаев жалынды жырымен жас ұрпаққа деген сенімін білдірсе, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын «Болашақ жастардың қолында», - деп қорытындылаған болатын. Елбасы қолдауы ерекше күш-жігер береді. Жастарға деген қолдау ешқашан назардан тыс қалған емес. Оларға деген түрлі мүмкіндіктер қарастырылған. Солардың бірі де бірегейі - студенттік жобалар.

Студент-ізденуші, болашақ маман. Жас қоғам белсенділері үшін, оларды қолдап, таланттарын ашып, жаңашыл бастамаларына қолдау көрсету үшін түрлі жобалар мен байқаулар жиі ұйымдастырылады. Әр жоба жастардың білімін, біліктіліктерін арттыруға үлкен септігін тигізеді. Жаңашыл идеялар, жобалар арқылы қоғамдағы мәселелерді шешуге ықпал етеді. Осы орайда сүйікті оқу ордамыз Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жалынды жастарын мақтанышпен айтуға болады. Университет төңірегінде жастарға ұйымдастырылатын жобалардың саны бірінен бірі асып түседі. Бұл- көз қуантады.

Түрлі жобада бағын сынап, белсенділігімен көзге түсіп жүрген студенттердің бірі – Сандуғаш Бектұрова. Осы тақырып аясында Сандуғашпен әңгімелесу барысында ұтымды жауап алдық.

«Жастар игілігі үшін жасалынып жатқан әрбір жоба немесе тың идеялардың барлығы таным көзжиегімізді кеңейтіп, болашаққа білімді, алғыр жас ретінде дамытады. Қандай жоба болмасын, оның маңызын, бағытын айқындап аламын. Жоба ұйымдастырушылардың креативті жасай білген жұмыстарына да студент әрі жоба қатысушысы ретінде баға беруді қатысу, білу арқылы үйрендім. Студенттік жобаларға жиі қатысып бағымды сынаймын. Бірінен болмаса бірінен жолым болып бағым жанады. Соның нәтижесінде Республикалық «Жылдың үздік студенті-2020» байқауының 1-ші дәрежелі

жүлдегері атандым. Одан кейін де тоқтап қалмай Б.Құранбек атындағы стипендия иегері, С.Садықовтың 70 жылдығына орай өткізілген конференция аясында «Менің

ұстазым» атты эссе байқауында 3 орынды еншілесем, Республикалық «Тәуелсіздігім-туыммен тұғырлы, елтаңбаммен еңселі» байқауының 2 орын жүлдегері болдым» – деген Сандуғаш бұдан кейін де тоқтап қалмай тек алға ұмтылатынын жеткізді.

«Бір тіл білсең - бір адамсың, екі тіл білсең - екі адамсың» дегендей көп тілді меңгергеннің білімі мен дүниетанымы да кеңейе түсетіні рас. Оқу ордамызда түркі тілдес түрлі ұлт өкілдері білім алатыны баршаға мәлім. Барлығына талап бірдей. Жақында ғана журналист С. Садықовтың 70 жасқа толуына орай «Менің ұстазым» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылған болатын. Байқауда түркиялық білім алушы, журналистика мамандығының 1-курс студенті Мерт Акбаш жеңімпаз атанды. Қазіргі таңда қашықтықтан білім алып жатқан Мерт Акбашпен онлайн сұхбаттасудан басқа амал болмады. Ол өз сөзінде: «Ұлағатты ұстаз, профессор, доктор С.Садықовтың 70 жасқа толуына орай, «Менің ұстазым» тақырыбында эссе жаздым. Өзім қатыстым, ешкім мені мәжбүрлемеді. Жеңімпаз атанғаным Сейдулла ұстазды шын жақсы көретіндіктен, шын жүректен шыққан эссе болды деп ойлаймын. Айтпақшы, мен үшін бірінші болдым ба, жоқ па бәрібір. Сүйіспеншілікпен жақындаған адамға өзімді сүйіспеншілікпен білдіре алғаным өте қуаныштымын. Мен ұстазымыздың жасын құрметтеймін. Осы жаста оның жігеріне, ізденістеріне, жаңашылдығына тәнтімін. Менің болашақта журналист болғанымда есімде мәңгі қалатын есімдердің бірі болып қала бермек. Түрік студенттерінің туған жерінен басқа жерде сабаққа қатысуы қиын болуы мүмкін, өйткені біз эмоционалды адамдармыз. Сейдулла ұстаз бәрімізді өз баласындай көріп, жақсы оқытады. Ұстазымыздың әдемі күндері көп болсын», - деп пікір білдірді.

Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Сондықтан біздің мойнымызда үлкен жауапкершілік бар. Жастар үшін жаңа мүмкіндіктер өте көп. Сенімге селкеу түспесін десек, мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, ел болашағы үшін аянбай еңбек етейік.

Зере МАХАМБЕТӘЛИЕВА
3-курс студенті

ӨМІРІҢНІҢ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ КЕЗЕҢІН ӨЗІҢ ЖАЗ...

Студенттік шақ - балалық кезеңмен қоштасып, еркелікті жинап, үлкен өмірге бастайтын алғашқы қадам. Басқа қала, жаңа достар, жаңа орта мен көп мүмкіндіктер. Бізге берілетін ең үлкен нығмет уақыт пен энергияны дұрыс қолдана алсақ, бұл кезеңді барынша сапалы етіп өткіземіз. Осы бір уақыт аралығында тұлға ретінде әлемге деген көзқарасымыз ұлғая бастайды. Бұл аса елеулі өмір сәттерін неге және қалай жұмсайтынымызды, не қалайтынымызды түсіну керек. Студенттік кезеңде ең алдымен өзіңді табу, тану сонымен қатар белгілі бір мақсат-мұрат қойып, соған ұмтылу керек.

Өміріңнің ең бағалы уақытын тиімді, пайдалы өткізуге бағдар беретін "Student #1" кітабын ұсынамын. Аталмыш кітапта жоғарғы оқу орындарында білім алып жүрген авторлар өмірде жетістікке жетудің, білімді де білікті маман болудың жолдарын ғибратты өмір тәжірибелерін қарапайым тілмен оқырманға жеткізе білген. Кітапта түрлі лайфхактар, дұрыс тамақтану, тайм-менеджмент, кітап оқудағы кеңестер және өмірлік сабақтарымен бөліскен. Кітап үш бөлімнен тұрады:

1.Student #1

2.Білім алу

3.Өртүрлі мәселелер.

Әр бөлім өзіне тән құндылықтармен, жаттығулармен және теңдессіз кеңестермен ерекшеленеді. Университетке түскеннен соң біздегі ең басты мақсат — сапалы білім алу мен нағыз маман атану. Алайда, біз білім алудың қажеттілігін түсінсек те, нақты мақсатымыз болмай немесе жалқаулық танытамыз. Кейін: «Мен ешнәрсеге үлгермей жатырмын. Маған түсініксіз. Менің қолымнан келмейді», деп мың түрлі сылтау айтамыз. Уақытты дұрыс жүйелеу, жоспар құруды әдетке айналдыру бізге жетістік жолындағы алғашқы қадам болмақ. Кез-келген жетістіктің артында жүйелі жоспар тұрады. Көзделген межеге жету кепілі – жоспарлы және жүйелі жұмыс. Дана Абай он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық», дейді.

Қорытындылай келе, өз замандастарыма ең алдымен адамгершілік, ар-намыс деген қасиетті ту етіп, жүйелі білім алып, мақсаттарына нық қадам басуына тілектеспін.

Шайра ЖУРАХАНОВА,
3 курс студенті

СТУДЕНТ СӨЗДІГІ

Студенттік өмір - соғыс пен бейбітшілік

Екілік - қырсызға қамшы

Үштік - үміт шоғы

Төрттік - Тәңір сыйы

Бестік - бақыт құсы

Куратор - студенттің өгей шешесі

Ректор - күн құдайы

Декан - пір

Пара - ұзақ уақыт қаңтарылу

Аудитория - ұйықтайтын орын

Зачет - ұйықтамай өтетін түндер

Емтиханда отырған студент - жанталаса қаруланған мемлекет

Емтихан тапсыру - табада тірідей шыжғырылу

Сессия - қияметтің қыл көпірі немесе қатерлі кезең

Курстық жұмыс - жан беріп, жан алысу

Аудиторияға кешігіп кіріп тұрған студент - қырық өтірікші

Сәлемдеме - аңқылдап жеткен ақ жарма

Шпаргалка - жедел жәрдем

Оқу орны - жастардың сән үйі

Лекция - отты жылдар шежіресі

Үзіліс - бармысың бауырым, іздеудегі жан құрбым

Кітапхана - білім кафесі

Оқу залы - тапқаныңды кеміру

Абонмент - білім бюросы немесе ломбард.

Қоңырау - сүйкімді симфония

Сокурник - Ұяластар

Стипендия - аштық арашасы

Диплом - тіршілік тірегі немесе өмірлік наның

Түн - сергектігің таситын уақыт

Таңертең - түнімен іздеген ұйқыңның табылатын уақыты

Ауылға бару - Кіші қажылық

Анаңның қоңырауы - Отыңның сағынғаныңды білдіретін сәт

СМС - «куратор іздеп жатыр ма» деген қорқыныш жылт ете қалатын сәт

Ұйқылашар (будильник) - ең жағымсыз әуен

Кесе - шай ішер кезде ғана жуылатын ыдыс

Жатақхана - өз үйің, өлең төсегің

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Медиа орталығы

Журналист:

Эльмира Артықбаева

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.